

Тапсырма-1. Вирустан қорғану программа түрлерін олардың қызметімен қарандаш арқылы сәйкестендір

Сүзгі программалар	бұрыннан белгілі вирус түрлерінен қорғай алады, жаңа вирустарға олар дәрменсіз.
Детектор программалар	вирус жұққан программалар мен дискілердің «вирустарын» өшіру арқылы емдеп, оларды бастапқы қалпына келтіреді
Ревизор программалар	Вирустардың зиянды әрекетін тоқтатып, компьютер пайдаланушысына дер кезінде хабарлап отырады
Доктор программалар	программалар мен дискінің жүйелік аймағы туралы мәліметтерді есіне сақтап, содан соң оны кейінгісімен салыстырады

Тапсырма-2. Вирустардың жіктелуін қызметімен қарандаш арқылы сәйкестендір

«Ұстағыш-вирустар»	қарапайым программаларға кіріп, жасырын жатып программа орындалуының белгілі кезеңінде орындалғанда ғана әсер ете бастайды. Шарт орындалғанға дейін барынша көп программаны «бүлдіруге» тырысады
«Логикалық бомбалар»	программалық құралдардағы қателіктер мен дәлсіздіктерді пайдаланып программаға жабысатын, түрлі зиянды әрекеттерді орындайтын вирустар
«Троян аттары»	жүйелік программалаушылардың ақпараттық есептеу желілерінің бос тұрған ресурстарын анықтау программасына кіріп, бос құрылғыларды тектен-тек жұмыс істеуге мәжбүр етеді.
«Құрттар»	қарапайым қолданбалы программаларға еніп, рұқсат етілмеген әрекеттерді орындатады (жасырын ақпараттарды оқып жария етеді, жедел жадтағы ақпараттарды «басқа жаққа» жібереді).